

Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 61 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 наурызда № 10436 тіркелді.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 10 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 29 қаңтар

Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 15.10.2019 № 1139 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметтің түрі үшін			
1.	Темекі өнімдерін өндірушінің өндіріс паспорты	Темекі өнімдерін өндіруші әзірлеген және толтырған өндіріс паспорты	Өндірістік паспорты "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 маусымдағы Заңының 7-бабы 2-тармағында көзделген талаптарды сақтай отырып толтырылады
2.	Өндіріс паспортында көрсетілген, өтініш берушіге меншік құқығында тиесілі темекі өнімдерін өндіру үшін қажетті ғимараттар мен үй-жайлар немесе өзге құқықтар	Өндірістік тіркелгені туралы тіркеу органының белгісі бар құқықтығын белгілейтін қ ұ ж а т . Аталған шарттарды бір жылдан аз мерзімге жасаған жағдайда жалға беру немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі	Қызмет берушімен "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер қорының тіркелімі ақпараттық жүйесі арқылы дәлелденеді "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы
3.	Өндіріс паспортында көрсетілген өндірістің технологиялық схемасына сәйкес келетін темекі өнімдерін өндіру кезінде пайдаланылатын технологиялық жабдық	Технологиялық жабдықтың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	Көрсетілген жабдықтың болуын 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 137-бабына сәйкес лицензиар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жолымен белгілейді
4.	Қазақстан Республикасының өлшеу бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін өлшеу құралдары	Өлшеу құралдарының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтердің нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	Өлшеу құралдарының болуын 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 137-бабына сәйкес лицензиар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жолымен белгілейді
5.	Темекі өнімдерінің өндірісін технологиялық бақылау бойынша зертханалар	Зертхананың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік	Зертхананың болуын 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 137-бабына сәйкес лицензиар бақылау және қадағалау

		талаптарына қосымшаға сәйкес)	субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жолымен белгілейді
6.	Барлық тауар белгілерінің дәл және толық атауларын көрсете отырып, өндірілетін өнім тізбесі	Өндірілетін өнім тізбесі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	-
7.	"Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін нормативтік техникалық құжаттар	Нормативтік техникалық құжаттарының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	-

Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесіне қосымша

НЫСАН

Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына мәліметтер нысандары

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 15.10.2019 № 1139 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Темекі өнімдерін өндірушінің өндірістік паспортында көрсетілген өндірістің технологиялық схемасына сәйкес келетін темекі өнімдерін өндіру кезінде пайдаланылатын технологиялық жабдық, мыналар:

- 1) жабдықтың атауы _____;
- 2) түрі _____;
- 3) маркасы _____;
- 4) жабдықтың өнімділігі _____;
- 5) саны _____;
- 6) жабдықты сатып алуды растайтын құжаттың нөмірі мен күні

(құжаттың белгілінген заңнама сақтау мерзімің өткен бойда толтырмайды)

- 7) соңғы және кейінгі тексеру (калибрлеу) күні _____ көрсетілсін.

2. Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін өлшеу құралдары, мыналар:

- 1) өлшеу құралының атауы _____;
- 2) аумақтық өндіріс орнын көрсете отырып өндірушінің атауы _____;
- 3) типі _____;
- 4) моделі _____;
- 5) зауыттық нөмірі _____;
- 6) соңғы және кейінгі тексеру (калибрлеу) күнін көрсете отырып тексеру (калибрлеу) туралы сертификаттың нөмірі _____ көрсетілсін.

3. Темекі өнімдерінің өндірісін технологиялық бақылау бойынша зертханалар, болған кезде мыналар:

- 1) аккредиттеу аттестатын (куәлігін) берген орган _____;
- 2) аттестаттың (куәліктің) қолданыс мерзімі _____;
- 3) аккредиттеу (аттестаттау) саласы _____;
- 4) аккредиттеу аттестатының (куәлігінің) нөмірі және күні _____ көрсетілсін;
- 5) берген орны _____.

4. Барлық тауар белгілерінің дәл және толық атауларын көрсете отырып, өндірілетін өнім тізбесі, мыналар:

- 1) барлық тауар белгілерінің дәл және толық атауларын көрсете отырып, өндірілетін өнімнің дәл және толық атауы _____;
- 2) тауар белгісін тіркеу нөмірі және күні _____ көрсетілсін.

5. "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін нормативтік техникалық құжаттар, техникалық құжаттаманың болуы көрсетілсін:

- 1) стандарттың нөмірі және күні _____;
- 2) техникалық регламенттің нөмірі және күні _____;
- 3) технологиялық нұсқаулық нөмірі және күні (болған кезде) _____;
- 4) басқа құжаттама (болған кезде) _____.